

Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 141-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 7 сәуірде № 35952 болып тіркелді

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 35-15) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қауылысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы Ережесінің 15-тармағының 333) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің міндетін атқарушы

К. Искаков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы

Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабы 35-15) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 866 қауылысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі туралы Ережесінің 15-тармағының 333) тармақшасына сәйкес Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) қалыптастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Мемлекеттік тізілім ұлттық мәдени игілік объектілерін (бұдан әрі – ҰМИО) сақтау және оларға ерекше мән беру мақсатында жүргізіледі.

3. Мемлекеттік тізілімге ел тарихы мен мәдениеті үшін ерекше мәні бар ҰМИО туралы мәліметтер (бұдан әрі – ҰМИО туралы мәліметтер) енгізіледі.

2-тарау. Ұлттық тізбені қалыптастыру және жүргізу тәртібі

4. Мемлекеттік тізілімді мәдениет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – Уәкілетті орган) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде, қағаз және электрондық жеткізгіштерде жүргізеді.

5. Мемлекеттік тізілімге осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен ҰМИО туралы мәліметтер енгізіледі.

6. Мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар жаңа объектілер мен ҰМИО заттарының анықталуына қарай қажетті мәліметтері бар ақпаратты уәкілетті органға береді.

7. Мемлекеттік тізілімді қалыптастыру үшін уәкілетті орган өтінімдерді қабылдау басталғанға дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын өзінің Интернет-ресурсында тиісті ақпаратты жариялайды.

8. Мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар беретін ҰМИО туралы мәліметтер:

1) ҰМИО-ның толық атауын;

- 2) ҰМИО-ның сипаттамасын;
- 3) ҰМИО-ның жасалған күнін;
- 4) ҰМИО деректерін;
- 5) ҰМИО-ның шыққан жерін;
- 6) ҰМИО-ның орналасқан жерін;
- 7) ҰМИО-ның фотосуретін қамтиды.

9. ҰМИО туралы мәліметтерді уәкілетті орган келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде қарайды.

10. Мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалардан осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген ҰМИО туралы құжаттар топтамасы не (немесе) мәліметтер толық келіп түспеген жағдайда, уәкілетті орган талаптарға сәйкессіздікті анықтаған кезден бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оны одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындайды.

Мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғалар бас тарту туралы ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде талаптарға сәйкес келетін құжаттарды уәкілетті органға қайта жолдайды.

11. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келген жағдайда, уәкілетті орган талаптарға сәйкестігін айқындаған кезден бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ҰМИО туралы құжаттар топтамасын не (немесе) мәліметтерді ұсынымдар алу үшін уәкілетті орган жанынан құрылған тұрақты жұмыс істейтін Мәдениет мәселелері жөніндегі комиссияның мүшелеріне (бұдан әрі – Комиссия) жібереді.

12. Комиссия ҰМИО-де ел тарихы мен мәдениеті үшін ерекше мәнінің болуы немесе болмауы туралы ұсынымдық сипатта шешімдер қабылдайды, оны хаттамамен ресімдейді.

13. Комиссия хаттамасының негізінде уәкілетті орган осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген мерзім ішінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) ҰМИО туралы мәліметтерді Мемлекеттік тізілімге енгізу;
- 2) ҰМИО туралы мәліметтер ел тарихы және мәдениеті үшін ерекше мәні болмағандықтан, Мемлекеттік тізілімге енгізуге жатпайды.

14. Уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде мәдени құндылықтарды зерделеумен айналысатын жеке және заңды тұлғаларға қабылданған шешім туралы хабарлайды.

Ұлттық мәдени игілік
объектілерінің мемлекеттік
тізілімін қалыптастыру және
жүргізу қағидаларына
қосымша
Нысан

Р/с №	ҰМИО-ның атауы	ҰМИО-ның сипаттамасы (қысқаша сипаттамасы, шыққан жері)	ҰМИО-ның жасалған күні	ҰМИО-ның деректері (материалдың атауы, мөлшері, салмағы, саны)	ҰМИО-ның орналасқан жері	ҰМИО-ның фотосуреті	Тізілім нөмірі	Өзге де мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе: ҰМИО – ұлттық мәдени игілік объектілері

Бұйрыққа 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің міндетін атқарушы
2025 жылғы 4 сәуірдегі
№ 141-НҚ

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізімі

1. "Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 112 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10967 болып тіркелген).

2. "Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 112 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 300 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16041 болып тіркелген).

3. "Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 112 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 19 желтоқсандағы № 369 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31201 болып тіркелген).

4. "Ұлттық мәдени игілік объектілерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 27 наурыздағы № 112 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 24 маусымдағы № 265-НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 34586 болып тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК